



Автор: Сайранова Ақмарал Сайранқызы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 9-класс

Бөлім: Мәліметтер қоры

Тақырып: Мәліметтер қоры кестелерінде өрістер мен жазбалардың мақсатын сипаттай алады

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.2.2.3 – мәліметтерді іздеуді, сұрыптауды және сүзгілеуді жүзеге асыру
Сабақтың мақсаты:	Мәліметтерді іздеуді, сұрыптауды және сүзгілеуді жүзеге асыру
Тілдік мақсаттар:	Тілдік лексика мен терминология өріс пен жазба; мәліметтер типі мен форматы; сұрыптау; сүзгілеу; мәліметтерді іздеу; МҚБЖ; Мәліметтер қоры.
Бағалау критерийлері:	Оқу мақсаттары үшін бағалау критерийлерін көрсетіңіз.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Деректерді сақтау құралдарының әртүрлі түрлерін қолдану дағдыларын дамыту Тақырыпты белгілеу кезінде жүзеге асырылады
Пәнаралық байланыс:	информатика

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 минут)	Сабақтың тақырыбын бұрын қткен материалдармен байланыстыру (пән, пәнаралық) Сәлемдесу Оқышыларды сабақ барысына дайындау Оқушылар қатысуын тексеріңіз Білімді жаңарту Коллобаративті ортаны құру. (К) Сұрақтар : Өріс және жазба дегеніміз не? Оларды алмастыра аламыз ба? Неге жоқ? «Мәліметтер қоры» дегеніміз не? және қолдану аймағы? Мысал келтіріңдер.	
Сабақтың ортасы (10 минут)	Ақпаратты іздеу әдістері (Г) Оқушыларға өздерін үлкен көлемдегі мәліметтермен жұмыс істейтін мамандар ретінде елестетулерін сұраңыз. Оларға қысқа уақытта сол мәліметтердің арасынан қажетті ақпаратты табу керек. Қандай параметрлермен немесе сипаттамалардың көмегімен оны жүзеге асыра алады? Талқылауға арналған сұрақ. Қағаз тасымалдағыштарға қарағанда мектептің мәліметтерін сақтау үшін электрондық дерекқордың артықшылығы қандай? (М, Ұ) МҚБЖ жайлы айтып, көрсетіңіз, оқушылармен бірге олардың негізгі қызметтері мен мәліметтер қорының қағаз жүзіндегі нұсқасының мүмкіндіктерімен салыстырыңыз. (Ұ, М) Мәліметтерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеу бойынша МҚБЖ негізгі мүмкіндіктерін алдын ала дайындап қойған МҚ көмегімен көрсетіңіз. (Ө, Қ) Жылдам іздеу, сұрыптау мен сүзгілеуді жасау үшін оқушыларға өткен сабақта өздері әзірлеген мәліметтер қорымен жұмыс істеп, өзгерістер енгізуді ұсыныңыз. Мәліметтерді сұрыптау және сүзу (Т) Оқушылардан өткен сабақта мәліметтер қоры кестесіндегі ақпараттарды іздеу қалай жүзеге асырылғанын еске түсіруді сұраңыз. (Ұ) Оқушыларға кестедегі мәліметтерді қандай тәсілдермен сұрыптауға болатыны туралы ойлануды ұсыныңыз. (М, К) Оқушылармен МҚ кестесіндегі мәліметтерді қандай тәсілдермен сүзгілеуге болатыны туралы талқылаңыз. Түрлі типтегі мәліметтер үшін сүзгілеудің де түрлі тәсілдері қолданылатынына назар аудартыңыз. (Ө, Қ) Оқушыларға кестелерде сүзгілеу мен сұрыптаудың үйренген тәсілдерін пайдаланып, тапсырма орындауға мүмкіндік беріңіз.	
Сабақтың соңы (17 минут)	Үй тапсырмасы. МҚ толықтыру және өткен тақырыпты қайталау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (3 минут)	Рефлексия • не білдіңіз? • не үйрендіңіз? • қандай қиындықтар болды? Оқушылар өзара жұмыстарын бағалайды. Рефлексия нәтижесінде оқушы бағалау критериилері арқылы өзін өзі бағалауға мүмкіндік алады.	